


Ugreen HITUNE T1 WS111 TWS гарнитурасы



Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімimizi таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Аталған құрылғы музыканы, сөйлеген сөзді немесе өзге де дыбыс сигналдарын дербес тыңдауға арналған.

Сақтық шаралары

- Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін құрылғыға ылғалдың түсуіне жол бермеңіз.
- Құрылғыны күн сәулелері немесе жоғары температуралар әсеріне ұшыратпаңыз, әйтпесе электрондық компоненттердің қызмет мерзімі қысқартылуы мүмкін, аккумулятор бұзылады және кейбір пластик бөлшектердің пішіні өзгереді.
- Баспа платасының бұзылуын болдырмау үшін құрылғыны шамадан тыс төмен температураларда пайдаланбаңыз және сақтамаңыз.
- Құрылғыны аспаңыз және өзіңіз жөндеу жүргізбеңіз. Қызмет көрсетуді және жөндеуді тек авторландырылған сервистік орталықтың білікті мамандары ғана жүзеге асыруы тиіс.
- Құрылғыны соққыларға және шамадан тыс дірілдің әсеріне ұшыратпаңыз, құрылғыны құлатпаңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін агрессивті химиялық заттарды және жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғының корпусы мен сыртқы түрін бұзып алмау үшін бетін өткір заттармен сирмаңыз.

Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар

Тек түпнұсқа зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз. Температуралық режимді сақтаңыз. Батареялар зарядталған күйінде +15 °C-тан +35 °C-қа дейінгі температурада ауаның қалыпты ылғалдығында сақталуы тиіс. Батареялар қоршаған орта температурасы өте жоғары (40 °C-тан жоғары)

және өте төмен (-10 °C-тан төмен) болған кезде ұзақ уақыт пайдалануға шыдамайды. Батареяны тікелей күн сәулесінің астында қалдыруға болмайды. Зақымдану іздері бар батареяларды бөлшектемеңіз, өртемеңіз, пайдаланбаңыз.

Құрылғының схемасы


Құлаққап

1. Микрофон.
2. Көп функциялы батырма.
3. Жарық индикаторы.
4. 2-микрофон.
5. Амбюшюр.
6. Зарядтау клеммалары.
7. L/R таңбалау.



Зарядтау кейсі

1. USB Type-C зарядтауға арналған ағытпасы.
2. Арылту батырмасы.
3. Жарық индикаторы.



Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: WS111.
- Сауда таңбасы: Ugreen.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Bluetooth профилдері: AVRCP, A2DP, HFP, HSP.
- Сымсыз байланыс стандарттары: IEEE 802.15.1.
- Жиіліктер диапазоңдары: 2400 МГц-2483,5 МГц.
- Таратқыштың қуаттылығы: 4 дБм.
- Максималды әсер ету алыстығы: 10 м.
- Кодектер: AAC, SBC.
- Құлаққап жиіліктерінің диапазоңы: 20 Гц - 20 кГц.
- Кедегі: 16 Ω.
- Құлаққап сезімталдығы: 97 дБ ± 3 дБ.
- Микрофон сезімталдығы: -38 дБ ± 3 дБ.
- Құлаққап аккумуляторының сыйымдылығы: 50 мА·сағ (2 дана).
- Зарядтау кейсінің аккумуляторы: Li-pol, 500 мА·сағ, 3,7 В (1,85 Вт·сағ).
- Максималды кернеу: 5,25 В.
- Құлаққапты толық зарядтау уақыты: 1,5 сағ.
- Зарядтау кейсін толық зарядтау уақыты: 1,5 сағ.
- Зарядтау кейсінің қуат беру параметрлері (кіріс): 5 В – 400 мА.
- Зарядтау кейсінің қуат беру параметрлері (шығыс): 5 В – 100 мА.
- Құлаққап жұмыс уақыты: 5 сағ.
- Зарядтау кейсінің жұмыс уақыты: 24 сағ.
- Қорғау дәрежесі: IPX5.

Жинақталым

- Құрылғы.
- Амбюшюрлар (XS/S/M/L).
- Зарядтау кейсі.
- USB Type-C зарядтау кәбілі.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



- Алғаш рет пайдаланар алдында құлаққаптың екеуінен де оқшаулағыш үлдірді алып тастаңыз және 5 В/1 А адаптері көмегімен құлаққап пен зарядтау кейсін толығымен зарядтаңыз.
- Құрылғы жиынтығына 4 жұп амбюшюрлар кіреді, құрылғыға өлшемі М амбюшюрлар киілген, амбюшюрлардың сізге қолайлы өлшемін таңдаңыз.


Құлаққапты қосу/сөндіру

- Құлаққапты зарядтау кейсінен шығарып алыңыз, құлаққап автоматты түрде қосылады немесе көп функциялы батырманы 2 секунд бойы басып тұрыңыз.
- Сол және оң құлаққапты зарядтау кейсіне салыңыз және қақпақты жабыңыз, құлаққап автоматты түрде өшеді, немесе көп функциялы батырманы 6 секунд бойы басып тұрыңыз.

Bluetooth қосу

- Сіз екі құлаққапты зарядтау кейсінен шығарып алсаңыз, құлаққап автоматты қосылады да, бір-бірімен бірігеді.
- Телефонда немесе басқа құрылғыда Bluetooth қосыңыз, құрылғылар тізімінде «UGREEN HiTune T1» табыңыз, қосылу үшін оны басыңыз. Құлаққап телефонға немесе басқа

- құрылғыға сәтті қосылған кезде Сіз «Bluetooth connected» дауыстай көмек естисіз.
- Автоматты қайта қосылу: телефонда/басқа құрылғыда Bluetooth қосылған, ал бұрын қосылған Bluetooth құрылғыларының тарихы тазартылмаған шартпен, құлаққап бұрын түйіскен телефонға/басқа құрылғыға автоматты түрде қайта қосылатын болады.



Бір құлаққапты қосу

Зарядтау кейсінен бір құлаққапты шығарып алыңыз, құлаққаптың көк және ақ жарық индикаторлары жыпылықтай бастайды. Телефонда Bluetooth қосыңыз, құрылғылар тізімінен «UGREEN HiTune T1» табыңыз, қосылуды орындау үшін оны басыңыз. Құлаққап телефонға сәтті қосылған кезде Сіз «Bluetooth connected» естисіз.

Зауыттық теңшеулерге арылту

Егер құлаққап жауап беруді тоқтатса, түйіспесе және құрылғыға қосылмаса, зауыттық теңшелімдерге арылтуды орныдаңыз. Құрылғыңыздың Bluetooth тізімінен «UGREEN HiTune T1» құлаққабы туралы ақпаратты жойыңыз. Құлаққапты зарядтау кейсіне салыңыз, жарық индикаторлары көк және ақ түспен 3 рет жыпылықтамағанша, зарядтау кейсіндегі батырманы 10 секунд бойы басып тұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- 10 м максималды әсер ету алыстығынан тыс шыққан кезде құлаққап Сіздің құрылғыңыздан автоматты түрде ажыратылады. Егер Сіз келесі екі минут ішінде рұқсат етілетін әсер ету радиусына кірсеңіз, құлаққап құрылғыға автоматты түрде қайтадан қосылады. Екі минут өткеннен кейін, егер Сіз рұқсат етілетін әсер ету радиусына кірмесеңіз, Сіз «Bluetooth қосу» бөліміндегі нұсқаулықтарды орындай отырып, құрылғыға қайтадан қосыла аласыз.
- Егер құлаққап қандай да бір құрылғыға 5 минут ішінде қосылмаса, ол автоматты түрде өшеді.

Көп функциялы батырма

Музыканы ойнату

- Жаңғыртуды тоқтата тұру немесе жалғастыру үшін сол/оң құлаққаптағы батырманы бір рет басыңыз.
- Келесі трекке өту үшін оң құлаққаптағы батырманы 3 рет басыңыз.
- Алдағы трекке өту үшін сол құлаққаптағы батырманы 3 рет басыңыз.
- Дыбыс қаттылығын ұлғайту үшін оң құлаққаптағы батырманы 2 рет басыңыз.
- Дыбыс қаттылығын азайту үшін сол құлаққаптағы батырманы 2 рет басыңыз.

Дыбысты жаңғырту режимдерін ауыстыру

Әдепкі режим мен «Супер бас» режимі арасында ауысу үшін, дыбыс сигналы естілмегенше оң құлаққаптағы батырманы 2 секунд бойы басып тұрыңыз.

Қоңыраулар

- Шақыруды қабылдау немесе қоңырауды аяқтау үшін сол/оң құлаққаптағы батырманы бір рет басыңыз.
- Шақырудан бас тарту үшін сол/оң құлаққаптағы батырманы 2 секунд бойы басып тұрыңыз.

Дауыс көмекшісі

Дауыс көмекшісін қосу үшін оң құлаққаптағы батырманы дыбыс сигналы шықпағанша 2 секунд бойы басып тұрыңыз.

Құлаққаптың заряд деңгейі және құлаққапты зарядтау

Құлаққап зарядының деңгейі ол қосылған телефонның оң жақ жоғары бұрышында көрсетілетін болады (телефон осы функцияны қолдаған шартпен). Құлаққапты зарядтау үшін, оны зарядтау кейсіне салыңыз, құлаққаптың жарық индикаторлары жанбайтын болады, зарядтау кейсінің жарық индикаторы зарядтау кезінде ақ түспен жыпылықтайтын болады. Құлаққап аккумуляторының заряды төмен болған кезде (10 % және одан төмен) дауыспен көмек беру қуат көзі ажыратылғанға дейін әр 4 минут сайын шығатын болады. **ЕСКЕРТУ:** құлаққап аккумуляторы зарядының деңгейі 10 % болған кезде құлаққап тағы шамамен 30 минут пайдаланылуы мүмкін.

Зарядтау кейсі зарядының деңгейі және зарядтау кейсін зарядтау

Зарядтау кейсін зарядтау үшін жеткізу жиынтығына кіретін зарядтау кәбілін және 5 В/1 А стандартты адаптерін пайдаланыңыз. Кейс зарядының деңгейін білу үшін зарядтау кейсін ашыңыз, жарық индикаторы заряд деңгейін көрсетеді. Заряд деңгейі 5 % аз болған кезде жарық индикаторы 3 секунд бойы қызыл түспен жиі жыпылықтайтын болады. Заряд деңгейі 30 % аз болған кезде индикатор 3 секунд бойы қызыл түспен баяу жыпылықтайтын болады (мұндай заряд деңгейі кезінде кейс құлаққапты бір рет зарядтау үшін пайдаланылуы мүмкін). Заряд деңгейі 30 % аз болған кезде индикатор 3 секунд бойы ақ түспен баяу жыпылықтайтын болады. Зарядтау кезінде зарядтау кейсінің жарық индикаторы ақ түспен жанатын болады және зарядтау аяқталғаннан кейін сөнеді.

Дауыстап көмек беру

Құлаққап мәртебесі	Дауыстап көмек беру
Құлаққап қосулы	Power on
Түйіндесу орындалуда	Pairing
Құлаққап құрылғыға қосылған	Bluetooth connected
Құлаққап құрылғыдан ажыратылған	Bluetooth disconnected
Аккумулятордың заряды төмен	Battery low
Дыбысты жаңғырту режимдерін ауыстыру	Normal mode/SuperBass mode
Құлаққап сөндірулі	Power off

Құлаққаптың жарық индикаторлары

Құлаққап мәртебесі	Жарық индикаторы
Құлаққап қосулы	1 секунд бойы көк түспен жанады да сөнеді
Құлаққап зарядталуда	Зарядтау кейсінің индикаторы толық зарядталғанға дейін ақ түспен жыпылықтайды, құлаққап индикаторлары жанбайды
Сол және оң құлаққапты қосу	Индикаторлар көк түспен тез жыпылықтайды
Құрылғымен түйіндесу	Индикаторлар кезек-кезек ақ және көк түспен жыпылықтайды
Пайдалану	Индикаторлар жанбайды
Құлаққап сөндірулі	1 секунд бойы ақ түспен жанады да сөнеді

Зарядтау кейсінің жарық индикаторлары

Зарядтау кейсінің мәртебесі	Жарық индикаторы
Зарядтау кейсі зарядталуда	Толық зарядталғанға дейін ақ түспен жанады
Акумулятордың заряды төмен (< 30 %)	3 секунд бойы қызыл түспен жыпылықтайды
Қате	Қате жойылғанға дейін қызыл түспен жиі жыпылықтап тұрады

Ықтимал проблемалар және олардың шешімдері

Проблема	Шешімі
Құлаққап өзара түйіспейді / телефонға қосылмайды	Құлаққап немесе Сіздің телефоныңыз қандай да бір басқа құрылғыларға қосылмағанына көз жеткізіңіз.
	Телефоныңыздағы Bluetooth өшіріңіз және қайтадан қосыңыз.
	Құрылғыңыздың Bluetooth тізімінен «UGREEN HiTune T1» құлаққабы туралы ақпаратты жойыңыз және қайтадан қосылыңыз.
	Ішінде құлаққабы бар зарядтау кейсін ашыңыз және құлаққаптың қосулы болғанына көз жеткізіңіз. Қолмен қосылуды орнату үшін зарядтау кейсінің арылту батырмасын 3 секунд бойы басып тұрыңыз.
	Зауыттық теңшелімдерге дейін арылтуды жүргізіңіз
Дауыспен көмек беру қытай тілінде естіледі	Зауыттық теңшелімдерге дейін арылтуды жүргізіңіз

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартпен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжайда берілген:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі температурасында және ауаның 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында қаптамада сақталуы қажет. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталған соң, оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ДУНГУАНЬ КОППО ЭЛЕКТРОНИКС КО., ЛТД.

1-ғимарат, № 2, 3 тас жолы, Бусиньци өндірістік аймағы, Гуаньцинтоу ауылы, Фэнган, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нур-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Құрылғының жинақталымы, сондай-ақ оның сыртқы түрі және сипаттамалары алдын ала хабарлаусыз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.



Тауарды дайындау күні қаптамада көрсетілген.
V.1

